

Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 тамыздағы N 1298 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы
№ 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының авариялардан, апаттардан және табиғи зілзалалардан пайда болатын төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі қызметін үйлестіруді жетілдіру, осы салада бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен келісілген Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесін құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесіне жалпы басшылық жасау табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органға жүктелсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31 N 1387 , 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдары мен ұйымдарының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі негізгі функциялары қосымшаға сәйкес айқындалсын.

4. "Төтенше жағдайларды болдырмау және олар кезіндегі іс-әрекеттер жөніндегі республикалық жүйе құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 25 маусымдағы N 395 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 8 т а м ы з д а ғ ы

**Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік
жүйесі туралы**

ЕРЕЖЕ

Ескерту. Мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті", "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің", "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің", "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің" деген сөздер тиісінше "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы орган", "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.31 N 1387 Қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы", "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның", "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы орган", "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның", "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның", "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органымен", "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының" деген сөздер тиісінше "табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган", "табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның", "табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органымен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің негізгі міндеттерін, жұмыс істеуінің ұйымдастырылуы мен тәртібін белгілейді.

2. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесі (ТЖМЖ) бейбіт уақытта және соғыс кезінде төтенше жағдайлардың (ТЖ) <*> алдын алуға, ал олар пайда болған жағдайда - зардаптарын жоюға (адамдардың өмірі мен денсаулығына төнетін тікелей қауіп-қатерді жою жөніндегі құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу, халықтың тұрмыс-тіршілігін қалпына келтіру айтылып отыр. Төтенше жағдайлардың салдарынан зардап шеккен объектілер мен аумақтарды қалпына келтіру ТЖМЖ-ның құзыретіне кірмейді) халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қоршаған табиғи ортаны қорғауға және халық шаруашылығына келтіретін зиянын азайтуға арналған.

<*> - Әлеуметтік-саяси, ұлтаралық қақтығыстар мен жаппай тәртіпсіздіктердің алдын-алу және олардың зардаптарын жою жүйенің құзыретіне кірмейді.

3. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің негізгі міндеттері:

бейбіт уақытта және соғыс кезінде төтенше жағдайлар туа қалған жағдайда олардың алдын алу, адамдардың өмірі мен денсаулығын, материалдық және мәдени құндылықтарды, қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу;

халықты, аумақтарды қорғауды, техникалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру, экономикалық және құқықтық шаралар жүйесін қалыптастыру; <*>

төтенше жағдайларға ден қою, олардың зардаптарын жою, олардың туындау себептерін тексеру тәртібін айқындау; <*>

мониторинг пен халықты хабардар етуді ұйымдастыру; <*>
авариялар, апаттар, табиғи және экологиялық зілзалалар, жұқпалы аурулар, эпизоотиялар, эпифитотиялар пайда болған кезде төтенше жағдайлардың алдын алуға, адамды және оның тіршілік ету ортасын қорғауға, шаруашылық жүргізу және әлеуметтік сала объектілерінің тұрақты жұмыс істеуін арттыруға бағытталған мемлекеттік мақсатты және ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлеуді және оларды орындауды ұйымдастыру;

Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен пункттерінің, байланыс және хабар беру жүйелерінің төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға күштері мен құралдарының жоғары әзірлігін қамтамасыз ету, оларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

төтенше жағдайлардың әлеуметтік-экономикалық зардаптарын болжау және бағалау; зардап шеккен халықтың тұрмыс-тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету;

халықты төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға үйрету және даярлау, Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің маман кадрларын әзірлеу және олардың біліктілігін арттыру;

төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою, авариялардың, апаттар мен табиғи зілзалалардың зардаптарын жою ісінде шет мемлекеттерге көмек көрсету саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387 қаулысымен

4. Т Ж М Ж құрамына:

аумақтық органдарымен және ведомстволық бағынысты ұйымдарымен қоса табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті

о р г а н ы ;

өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюды қамтамасыз ететін орталық және жергілікті атқарушы органдардың басқару органдары, ұйымдары; <*>

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387 қаулысымен

5. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың іс-қимылын үйлестіру үшін төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мынадай комиссиялар құрылады :

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия ;

облыстардың, қалалар мен аудандардың төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық комиссиялары ;

Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялары (бұдан әрі - төтенше жағдайлар жөніндегі салалық комиссиялар) ;

Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссия; көліктегі қауіпсіздік пен терроризмге қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі;

көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі облыстық (қалалық) комиссиялар ;

республикалық және аумақтық эвакуациялық комиссиялар; орталық және жергілікті атқарушы органдардың эвакуациялық және эвакуациялық қабылдау комиссиялары;

Азаматтық қорғаныс бастықтарының шешімі бойынша құрылатын, ұйымдардың төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялары, эвакуациялық және эвакуациялық қабылдау комиссиялары;

ТЖМЖ аумақтық, функционалдық және салалық (объектілік) кіші жүйелерді қамтиды <*> және олардың екі деңгейі бар: жергілікті және республикалық (мемлекеттік) .

Сілтеме <*>. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардағы қолда бар, сондай-ақ құрылатын ТЖ алдын алу және жою жөніндегі құрылымдар , күштер мен құралдар .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.31 N 1387 , өзгерту енгізілді - 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

6. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің аумақтық кіші жүйелері қабылданған әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес келеді .

Әрбір аумақтық кіші жүйе ведомстволық бағыныстағы аумақта төтенше

жағдайлардың алдын алуға және жоюға арналған және әдетте төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияны (облыстың, аудандық, қалалық, поселкалық, объектілік) немесе оның функциясын орындайтын басқа органдары, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарын (төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық, қалалық басқарманы, аудандық бөлімді), күнделікті басқару органын (кезекші қызметті) немесе 051 құтқару қызметін, осы аумақтағы функциялық және ведомстволық кіші жүйелердің күштері мен құралдарын, оның ішінде қаржы, азық-түлік, медициналық және материалдық-техникалық ресурстарды, байланыс, хабар беру, ақпаратпен қамтамасыз ету жүйелерін, сондай-ақ арнаулы оқу орындарын қ а м т и д ы .

Аумақтық кіші жүйелердің нақты құрылымын жергілікті атқарушы органдар а й қ ы н д а й д ы .

Аумақтық кіші жүйелердің міндеттері, жұмыс істеуін ұйымдастыру және оның тәртібі, мемлекеттік органдардың объектілік және жергілікті төтенше жағдайлар кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органымен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдар бекітетін ережелермен айқындалады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387 қ а у л ы с ы м е н .

7. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің функциялық кіші жүйелері Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының және ұйымдарының: қоршаған табиғи ортаның жай-күйін қадағалау және қауіптілігі ықтимал объектілердегі жағдайға бақылау жасау; төтенше жағдайлардың алдын алу; адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау; төтенше резервтік қорларды пайдалану; төтенше жағдайларды жою жөніндегі тікелей міндеттерді шешетін басқару органдарынан, күштері мен құ р а л д а р ы н а н т ұ р а д ы .

Бұл ретте жекелеген функциялық кіші жүйелердің құрамына осындай міндеттерді немесе бірін-бірі толықтыратын міндеттерді шешетін бірнеше орталық атқарушы органдардың, ұйымдардың басқару органдары, күштері мен құ р а л д а р ы к і р у і м ү м к і н .

Функционалдық кіші жүйелердің негізгі міндеттері, қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган бекітетін азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың республикалық қызметтері туралы ережелермен айқындалады. Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387

қ а у л ы с ы м е н

8. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің салалық (объектілік) кіші жүйелері Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарында, ұйымдарында, құрылады және тікелей олар басқаратын объектілерде төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюға арналған.

Салалық (объектілік) кіші жүйелердің нақты құрылымын, олардың міндеттерін, қаржыландыру тәртібін Қазақстан Республикасының тиісті орталық атқарушы органдары, ұйымдары, айқындайды және олар осы кіші жүйелер туралы ережелермен бекітіледі.

Бұл ретте әрбір салалық (объектілік) кіші жүйеге, оның буындарына әдетте басшы органдар, күнделікті басқару органдары (кезекші-диспетчерлік қызмет), қауіптілігі ықтимал объектілердегі жағдайға бақылау жасайтын және табиғи ортаның жай-күйін қадағалап отыратын күштер мен құралдар, төтенше жағдайларды жою жөніндегі күштер мен құралдар кіреді. Осы саладағы ұйымдардың, органдар мен қызметтердің іс-қимылдарын жүзеге асыруды нұсқауларын төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі шешімдер қабылдаған кезде саланың басшы органдары ескеріп отыратын Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялары (бұдан әрі - төтенше жағдайлар жөніндегі салалық комиссиялар) үйлестіріп отырады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387

қ а у л ы с ы м е н

9. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесіндегі Республикалық (мемлекеттік) деңгейге табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган, оның аумақтық органдары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдары, сондай-ақ басқа да орталық атқарушы органдар, орталық кезекші-диспетчерлік пункттер, төтенше жағдайларды байқау, бақылау және жою күштері мен құралдары, басқару мен байланыстың жұмылдыру пункттері жатады. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесі шеңберінде олардың іс-қимылын үйлестірудің шешімі нұсқаулық сипатта болатын. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия жүзеге асырады.

10. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесіндегі жергілікті деңгейге жергілікті атқарушы органдар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары (төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық, қалалық басқармалар мен аудандық бөлімдер), мекемелердің кезекші-диспетчерлік қызметтері, осы аумақтағы төтенше жағдайларды байқайтын, бақылайтын және

жоятын күштер мен құралдар жатады. Олардың қызметін үйлестіруді шешімдері нұсқаулық сипатта болатын төтенше жағдайлар жөніндегі тиісті аумақтық комиссиялар жүзеге асырады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387 қаулысымен

11. Барлық деңгейлердегі төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығын, материалдық және мәдени құндылықтарды, қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі міндеттерді шешуге қоғамдық ұйымдар (кәсіптік одақтар, құтқару құрылымдары ассоциациялары, ерікті қоғамдар және басқа қоғамдық құрылымдар) ерікті негізде Қазақстан Республикасының заңдарына және өздерінің жарғыларына сәйкес қатыса алады. Олар бұл міндеттерді өз мүшелерінің және халықтың басқа топтарының арасында қажетті түсіндіру жұмыстарын жүргізу жолымен, сондай-ақ түрлі зілзалалардың алдын алуға және олардың келеңсіз зардаптарын азайтуға (мемлекеттік аттестация бекіткен арнайы әзірлігі болған жағдайда), авариялық-құтқару жұмыстарын жүзеге асыруға және зілзала болған аудандарда зардап шеккен халыққа көмек көрсету жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік ұзақ мерзімді мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыруға тікелей қатысу жолымен шешеді.

12. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесіне

басшылықты:

республикалық (мемлекеттік) деңгейде:

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган (Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесін құру, жұмыс істеуі және одан әрі дамуы, сондай-ақ Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесін жедел басқару);

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары (Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің функциялық және салалық кіші жүйелеріне басшылық жасау);

жергілікті деңгейде:

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары ТЖМЖ аумақтық кіші жүйелерін басқару кезінде жұмыс аппараты болып табылатын жергілікті атқарушы органдар, жергілікті атқарушы органдардағы Азаматтық қорғаныс жөніндегі бөлімдер (қызметкерлер), ұйымдар басшылары (ТЖМЖ объектілік кіші жүйелерінің басшылары).

кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары (Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің объектілік кіші жүйелерін басқару)

жүзеге

асырады.

Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің басшы органдары шешімдер қабылдаған кезде төтенше жағдайлар жөніндегі тиісті ведомствоаралық, аумақтық және салалық комиссиялардың ұсыныстарын е с к е р е д і .

Төтенше жағдайлар жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың құрылымы мен құрамын, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі туралы ережені табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Төтенше жағдайлар жөніндегі салалық және аумақтық комиссиялардың құрылымы мен құрамын, сондай-ақ олар туралы ережені Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары айқындайды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияны Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, ал төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық және салалық комиссияларды тиісінше облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері, орталық атқарушы органдар басшыларының орынбасарлары басқарады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31 N 1387; 03.10.2013 N 1048 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

13. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің күнделікті басқару органдары Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің кіші жүйелері мен буындарының жұмыс істеуіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырады.

Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің күнделікті басқару органдарын орналастыру тиісті байланыс және хабар беру құралдарымен жарақтандырылатын және пайдалануға үнемі әзір, даярлықта ұсталатын қалалық және қала сыртындағы басқару пункттерінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387 қ а у л ы с ы м е н .

14. Байқау және бақылау күштері мен құралдары:
табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның кезекші қызметтерінен;
орталық және жергілікті атқарушы органдардың кезекші қызметтерінен;
қауіптілігі ықтимал объектілердің кезекші диспетчерлік қызметтерінен;
апаттар медицинасы орталықтарының диспетчерлік қызметтерінен;
мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының бөлімшелерінен;
табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті

органның радиациялық және ядролық қауіпсіздікке мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдарынан;
теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізудің өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардан;
көліктің қауіпсіз пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын органдардан;
сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдардан;
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарынан;
ветеринария, фитосанитария, жануарлар мен өсімдіктер карантині саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардан;
қоршаған орта мен табиғи ресурстардың, оның ішінде гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы бойынша мониторинг қызметтерінен;
қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардан;
сейсмологиялық байқау және жер сілкінісін болжау республикалық жүйесінің қызметтерінен;
селдердің, тау көшкіндерінің және қар көшкіндерінің мониторингі қызметтерінен;
орман және дала өрттерінің мониторингі қызметтерінен тұрады.
ТЖ жою күштері мен құралдары:
азаматтық қорғаныс бөлімдерінен;
республикалық және аймақтық аэромобильді жедел-құтқару жасақтарынан;
мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының бөлімшелерінен;
суда құтқару қызметінің құралымдарынан;
сүңгуір авариялық-құтқару жасақтарынан;
авариялық-құтқару және авариялық-қалпына келтіру құралымдарынан, оның ішінде штаттық тау-кен құтқару, газдан құтқару, фонтанға қарсы және басқа да мамандандырылған қызметтерден;
051 құтқару қызметтерінен;
ормандарды авиациялық күзету және қорғау қызметін қоса алғанда, ормандарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметтерінен;
азаматтық қорғаныстың аумақтық және объектілік құралымдарынан;
сел, су тасқыны және қар көшкіні қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерден;
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің үнемі әзірлікте тұратын радиациялық, химиялық және биологиялық қорғану, инженерлік әскерлері және басқа да әскер түрлері әскери бөлімдерінен;
бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметінен тұрады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.31 N 1387 , өзгерту енгізілді - 2006.12.04 N 1164 , 2006.12.25 N 1282 , 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен .

15. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары бөлімшелерінің, суда құтқару қызметінің, 051 құтқару қызметтерінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің үнемі әзірлікте тұратын радиациялық, химиялық және биологиялық қорғану, инженерлік әскерлері және басқа да әскер түрлері әскери бөлімдерінің күштері базасында, әскерилендірілген тау-кен құтқару, газдан құтқару, фонтан атқылауынан құтқару және басқа мамандандырылған бөлімшелерінің, шұғыл медициналық қызмет құралымдарының, құрылыс және монтаждау ұйымдарының және республиканың түрлі ұйымдары және басқа да осындай кәсіби қызметтерінің базасында, олармен келісе отырып, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган, Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің түрлі деңгейлердегі басшы органдары өз мүмкіндіктерінің шегінде еліміздің түрлі аймақтарында төтенше жағдайларда жедел тойтару және жою жөніндегі жұмыстар жүргізу үшін және шетелдерге көмек көрсету үшін тарта алатын үнемі әзірлікте болатын авариялық-құтқару және авариялық-қалпына келтіру бөлімшелері (күштері) құрылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылмайтын, үнемі әзірлікте тұратын күштерді Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің басшы органдарының шешімімен құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындауға тартуға болады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31 N 1387 , өзгерту енгізілді - 2006.12.04 N 1164 , 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

16. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмысын ақпараттық жағынан қамтамасыз етуді автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесі (ТЖ ААБЖ) жүзеге асырады.

Төтенше жағдайлар туындаған кезде жағдай туралы ақпаратты: қалалар, аудандар, қалалардағы аудандар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің аппараттары, сондай-ақ ұйымдар - дереу табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына;

ұйымдар - өздерінің өкілеттігіне сәйкес дереу орталық атқарушы органға; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары - дереу Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің республикалық дағдарыс орталығы мемлекеттік мекемесіне береді .

Жаһандық және аймақтық төтенше жағдайлар туындаған жағдайда олар
т у р а л ы а қ п а р а т т ы :

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары - Қазақстан Республикасының шекаралас әкімшілік-аумақтық бірліктерінің әкімдеріне;

орталық атқарушы органдар - ведомстволық бағынысты ұйымдардағы төтенше жағдайлар туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің республикалық дағдарыс орталығы мемлекеттік мекемесіне;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган - өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес дереу Қазақстан Республикасының Үкіметіне, орталық атқарушы органдарға береді.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387 , өзгерту енгізілді - 2006.12.04. N 1164 қаулыларымен.

17. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің қызметіне бейбіт уақытта және соғыс кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасау жөніндегі шараларды жоспарлау, әзірлеу және жүзеге асыру кіреді.

Жағдайға қарай жүйенің жұмыс істеуінің үш тәртібі: күнделікті қызмет тәртібі, аса жоғары әзірлік тәртібі, төтенше тәртібі болады.

Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің, оның кіші жүйелері мен буындарының жұмыс істеуінің қандай да бір режимін енгізу туралы шешімде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган, Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің түрлі деңгейдегі басшы органдары Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдарының (нақты жағдайды ескере отырып табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық, қалалық басқармалары, аудандық бөлімдері) келісімімен қабылдайды.

Жағдайға қарай Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің кіші жүйелері мен буындары бір мезгілде түрлі режимдерде жұмыс істей алады.

18. Әдетте, төтенше жағдайларды жоюға тікелей басшылықты: объектілік төтенше жағдайлар кезінде қажет болған жағдайда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган аумақтық органдарының, ТЖМЖ аумақтық кіші жүйелері басшы органдарының қатысуымен ұйымдардың басшылары;

жергілікті төтенше жағдайлар кезінде жергілікті атқарушы органдар, авариялардың, апаттардың, дүлей зілзалалардың таралу шекараларына қарай табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті

органның аумақтық органдары;

аймақтық және жаһандық төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия тарапынан іс-қимылдар үйлестіріле отырып табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың бірінші басшылары ТЖМЖ басшы органдарының нұсқауларын орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін жауаптылықта болады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387

қ а у л ы с ы м е н .

19. Төтенше жағдайларды жоюды Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің аумақтық немесе төтенше жағдайлар пайда болған аумақтар мен объектілердің ведомстволық кіші жүйелерінің күштері мен құралдары жүзеге асырады.

Егер төтенше жағдайлардың көлемі Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің аумақтық және салалық кіші жүйелерінің басшы органдары, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган аумақтық органдары оны тоқтата және жоя алмайтындай болса, онда Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің ұсынысымен, сондай-ақ орталық және жергілікті органдардың өтініштері және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның олар жөніндегі тиісті қорытындысы бойынша тиісті көмек көрсету туралы шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамалары мен бөлімдері, басқа да әскерлері және әскери құралымдары Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауы бойынша оларды қатыстыру алдын ала бекітілген өзара іс-қимыл жоспарларында көзделген жағдайлардан басқа да төтенше жағдайларды жоюға тартылуы мүмкін.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387

қ а у л ы с ы м е н .

20. Төтенше жағдайлар кезінде халықтың, қоршаған табиғи ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуы және шаруашылық жүргізу объектілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік мақсатты бағдарламаларды орындауды төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың тұрақсыздандыру ықпалын азайту жөніндегі қаржы, несие-инвестиция саясатын үйлестіру мақсатында, сондай-ақ авариялардың, апаттардың, табиғи және басқа да зілзалалардың зардаптарын жоюға даярлық мақсатында тиісті басшы органдар

ж ү з е г е

а с ы р а д ы .

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387 қаулысымен .

21. Халықты төтенше жағдайлар кезінде қорғау тәсілдеріне үйретуді Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары жұмыс істейтін, оқитын және тұрғылықты жерлердегі сабақтарда, жаттығуларда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және арнайы оқу-жаттығулар кезінде, сондай-ақ дербес жүзеге асырады.

Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесінің, оның кіші жүйелері мен буындарының басқару органдарының мамандарын әзірлеу табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның Республикалық даярлау және оқыту орталығында, облыстық (қалалық) халықты даярлау және оқыту орталықтарында, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының оқу-материалдық базасында жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31 N 1387 , 2006.12.04 N 1164 , 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

22. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыруды жетілдіру, жүйенің басқару органдарының, күштері мен құралдарының даярлығы мен даярлық деңгейін тексеру мақсатында жыл сайын оның кіші жүйелері мен буындарында оқу-жаттығу мен жаттығулар жоспарланады және өткізіледі. Оқу-жаттығу мен жаттығулардың сипаты, олардың мерзімі, көлемі мен өткізу жоспарлары белгіленген тәртіппен жасалады және бекітіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 8 т а м ы з д а ғ ы

N 1 2 9 8 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1387 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі функциялары

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.

Төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың қоғамдық тәртіпті қорғау республикалық қызметінің тұрақты дайындығын қамтамасыз ету.

Ішкі істер органдары қызметкерлері мен ішкі әскерлер әскери қызметшілерін төтенше жағдайлар саласында даярлықтан өткізу мен оқып-үйренуін

ұ й ы м д а с т ы р у .

Төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау (ұстау) және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмысқа қарсы күрес, өз құзыреті шегінде материалдық және мәдени құндылықтарды, мемлекеттік және өзге де объектілер мен коммуникацияларды, меншіктің барлық түрін, азаматтардың жеке мүлкін қорғау. Төтенше жағдайлар аудандарын, зақымдау ошақтарын оқшаулау (қоршау). Төтенше жағдайлар кезінде өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп карантиндік, санитарлық, табиғатты қорғау (экологиялық) және эвакуациялық іс-шаралардың жүргізілуіне қатысу.

Жол қозғалысы қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру. Өз құзыреті шегінде ізгілік және өзге де жүктерді төтенше жағдайлар аймақтарына (аудандарына) жеткізу кезінде бірге жүру және олардың сақталуын қамтамасыз ету.

Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, дүлей зілзалалар мен апаттарды тексеруге қатысу.

Өз құзыреті шегінде қару-жарақ пен оқ-дәрілердің (жауынгерлік қару-жарақты қоспағанда), жарылғыш және әсері күшті улы заттардың, радиоактивті материалдардың және рұқсат етілген жүйелер объектілеріндегі заттардың сақталуын қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

Қажет болған жағдайларда ішкі істер органдарының төтенше жағдайлар аймақтарындағы (аудандарындағы) авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге қ а т ы с у .

Өзара іс-қимыл жасау жоспарларына сай немесе Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауы бойынша төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларға ішкі әскерлер құрамалары мен бөлімдерінің қатысуын қамтамасыз е т у .

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесінің басшы органдарын, сондай-ақ халықты төтенше жағдайлардың туындау қаупі туралы жедел х а б а р л а н д ы р у ғ а қ а т ы с у .

Көліктегі қауіпсіздікті және терроризмге қарсы іс-әрекетті қамтамасыз етуге қ а т ы с у .

Төтенше жағдайлар кезінде ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерді қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру. Өз құзыреті шегінде авариялық-құтқару және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі.

Төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың республикалық медициналық қызметінің және апатты медицина құралымдарының тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету. қараңыз.P100608

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру.

Төтенше жағдайлардағы шұғыл медициналық көмек қызметінің құралымдарын (Қазақстан Республикасының Апатты медицина орталығы мен апатты медицинаның аймақтық орталықтарын қоса алғанда), санитарлық-карантиндік пункттерді және далалық госпитальдарды құру және олардың құралымдарының қызметін қамтамасыз ету.

Медициналық резервтер құру, олардың уақтылы жаңартылуын және ауыстырылуын ұйымдастыру, мамандандырылған медициналық көмек бригадаларын медициналық мүлікпен жарақтандыру.

Дәрі-дәрмектердің және медициналық мақсаттағы құралдардың мемлекеттік резервін қалыптастыру.

Төтенше жағдайларды жоюды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру. Аса қауіпті жұқпалы аурулардың әкелінуіне және таралуына жол бермеу, оларды жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуына қатысу. Эпидемиологиялық жағдай жөнінде басқа елдермен және халықаралық ұйымдармен ақпарат алмасу.

Халық арасында санитарлық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасының аумағын аса қауіпті және карантиндік аурулардың әкелінуінен және таралуынан қорғауды ұйымдастыруға қатысу.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, авариялар, апаттар және дүлей зілзалалар кезінде өзара көмек көрсетуге жәрдемдесу.

Шет елдерді Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан эпидемияға қарсы іс-шаралар туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан табиғи және техногендік авариялар мен апаттардың трансшекаралық әсер ету қаупі туралы хабардар ету.

Халықаралық көмек шеңберінде құтқарушылардың келу, кету рұқсаттарын тездетіп алуына, төтенше жағдайлар аймақтарына ізгілік жүктердің жеткізілуіне жәрдемдесу.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесін жетілдіру мен дамыту мүддесі үшін ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру.

Шығаруға және сатып алуға ұсынылатын авариялық-құтқару техникасы мен жабдықтарын әзірлеуге және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жасауды ұйымдастыруға қатысу.

Қазақстан Республикасының аумағында сейсмикалық қадағалаулар ұйымдастыру. Жер сілкінісін, бірінші кезекте қысқа мерзімділерін болжаудың сенімді тәсілдерін әзірлеу және енгізу.

Сейсмикалық қауіптілік мониторингін жүргізу.

Қоршаған табиғи ортаның жағдайы, ықтимал қауіпті аумақтар мен объектілер туралы деректер жинау үшін ғарыштық мониторинг ұйымдастыру әрі жүзеге асыру, авариялық және аварияларды жағдайлар туралы шұғыл хабарлау үшін оларды төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесіне жүйелі түрде беру.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесі үшін кадрлар даярлауды ұйымдастыру.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою іс-қимылдарына оқушыларды оқытып-үйрету.

Ведомстволық бағынысты мекемелерде төтенше жағдайлар зардаптарының алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.

Әскерилендірілмеген авариялық-құтқару құралымдарын құру және оларды әзірліктің қажетті деңгейінде ұстау.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері бөлімдері мен бөлімшелерінің (бірінші кезекте радиациялық, химиялық және биологиялық қорғану және инженерлік әскерлердің) белгіленген тәртіппен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп соғыс жағдайы кезеңінде азаматтық қорғаныс жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру.

Авиациялық іздестіру-құтқару қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне төтенше жағдайлар аудандарын оқшаулау және төтенше жағдайлар аймақтарындағы материалдық және мәдени құндылықтарды қорғауға көмек көрсету.

Төтенше жағдайлар қаупі төнген және туындаған кезде хабарлау және байланыс жүйесіне қатысу.

Төтенше жағдайларда байланысты ұйымдастыру үшін радиожилілік арнасын бөлу.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесі үшін әскери мамандар даярлау.

Өнеркәсіптік төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде әскери-техникалық құралдармен арнайы көмек көрсету.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қ а у л ы с ы м е н .

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі.

Ведомстволық бағынысты, оның ішінде шекаралас аумақтарда және су

ортасында орналасқан объектілердегі авариялар мен апаттардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.

Республика аумағында ядролық және радиациялық қауіпсіздікті, оған қадағалауды қамтамасыз ету.

Ықтимал қауіпті ведомстволық бағынысты объектілердегі және оған шектес аумақтардағы жағдайды қадағалау мен бақылауды ұйымдастыру. Халықты хабардар ету.

Объекттерді өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып орналастыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесіне кіретін ведомстволық және кәсіптік авариялық-құтқару бөлімшелерінің күштерімен құтқару авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге қатысу.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, ведомстволық бағынысты объектілердегі шығарылатын өндіріс өнімдерінің, жұмыстар мен процестердің қауіпсіздігі саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру әрі техникалық және технологиялық нормаларды қамтитын нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу.

Энергетика және өнеркәсіп объектілерінің, жаңадан пайдалануға берілген объектілерде құбыр магистральдары мен желілердің сейсмикалық төзімділігін қамтамасыз ету. Салалық авариялық-техникалық және авариялық-құтқару қызметтерінің ведомстволық бағынысты объектілердегі төтенше жағдайлардағы іс-қимылға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету.

Ведомстволық бағынысты объектілердегі техногендік төтенше жағдайларға ден қою, олардың зардаптарын жою, олардың туындау себептерін тексеру тәртібін айқындау.

Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың республикалық қызметтерінің төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету.

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Ведомстволық бағынысты объектілерде авариялар мен апаттардың, эпизоотиялар мен эпифитотиялардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.

Ауыл шаруашылығы жерлерінің, су кеңістігінің химиялық қауіпті әрі радиоактивті заттармен және ауыр металдармен ластануына бақылау жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру. Ластанған аумақтарда ауыл шаруашылығы өндірісін ұтымды жүргізуді қамтамасыз ету.

Эпизоотологиялық, фитопатологиялық және токсикологиялық бақылау, эпизоотиялар мен эпифитотияларды жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру. Карантиндік іс-шараларды ұйымдастыру.

Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін табиғи және техногендік сипаттағы

төтенше жағдайларды бағалау жөніндегі қажетті ақпаратты жедел алуды, өңдеуді және беруді қамтамасыз ету.

Халықтың арасында эпизоотиялар мен эпифитотиялардың таралуының алдын алу жөнінде санитарлық-түсіндіру жұмысын жүргізу. Ауыл халқын төтенше жағдайлар кезінде іс-қимыл жасауға оқытып-үйрету.

Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың республикалық жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметінің төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету.

Орман қорының аумағында өрттердің және аурулар мен зиянкестер ошақтарының алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру. Орман-патологиялық қадағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру, ормандардағы өрт жағдайы мен энтофитопатологиялық жағдайларға баға беру жөнінде қажетті ақпарат беріп отыру.

Халық арасында орман өрттері туындауының алдын алу жөнінде алдын ала түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Мамандандырылған командаларды орман өрттері туындаған жағдайда іс-қимыл жасауға үйрету. Орман қорғау қызметінің төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға әзірлігін қамтамасыз ету.

Су тасқынының, су басып қалудың, бөгеттердің бұзылуының алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі, халықты және экономиканың салаларын төтенше жағдайлар кезінде сумен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

Су режимін қадағалау, су ресурстарын пайдалануды реттеп отыру.

8. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі.

Сәулет-құрылыс бақылауын ұйымдастыру.

Қауіптілігі жоғары жағдайлардағы аудандарда объектілерді жобалау, құрылысын салу және пайдалану әдістерін, қауіпті табиғи және техногендік процестерді зерделеу, бағалау және болжау әдістері мен құралдарын әзірлеу, аумақтарды инженерлік қорғаудың жаңа әдістерін әзірлеу және қолданылып жүргендерін жетілдіру. Үйлер мен ғимараттардың сенімділігі мен сейсмикалық төзімділігі саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру.

Қауіпті өндірістік объектілерді, сондай-ақ қауіпті жағдайларда пайдаланылатын объектілерді салуды және инженерлік қорғауды нормативтік қамтамасыз ету.

Жобалық құжаттаманы сараптау. Төтенше жағдайларды жою кезінде құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде келген залалдың және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттіліктің есебін жүргізудің әдіснамасын әзірлеу.

Үйлер мен ғимараттар құрылысының сапасына, сондай-ақ сейсмикаға қарсы күшейтілуіне бақылау жасау.

Сел және тау көшкінінің қаупі бар учаскелерде, тектоникалық жарылу

аумақтарында, есепті сейсмикалылығы 9 балдан асатын учаскелерде, зақымдалған, химиялық және радиациялық қаупі бар аумақтарда құрылыс салуды реттеу.

Дүлей зілзалалар мен техногендік апаттар кезінде құрылыс конструкцияларының авариялары, үйлер мен ғимараттардың бүлінуі және құлауы жөніндегі дерекқорды жасау.

Үйлер мен ғимараттарды, оның ішінде су ортасында орналасқандарын жобалау, құрылысын салу және пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету.

Ведомстволық бағынысты объектілерде, оның ішінде шекарааралық аумақта және су ортасында орналасқандарында авариялар мен апаттардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.

Ықтимал қауіпті ведомстволық бағынысты объектілердегі және оған шектес аумақтардағы жағдайды қадағалау мен бақылауды ұйымдастыру. Жұртшылықты хабардар ету.

Өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, объектілерді орналастыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесіне кіретін ведомстволық және кәсіптік авариялық-құтқару бөлімшелерінің күштерімен құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге қатысу.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, ведомстволық бағынысты объектілерде өндіріс өнімдерінің, жұмыстар мен процестердің қауіпсіздігі саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және техникалық әрі технологиялық нормаларды қамтитын нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу.

Республикада авариялық-құтқару техникасы мен жабдықтарын шығаруды ұйымдастыру. Өнеркәсіптегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заң жобалары мен нормативтік кесімдерді әзірлеу. Ұйымдар қызметкерлерін және оларға жақын маңда тұратын халықты осы ұйымдарда авариялар мен апаттар туындай қалған кездегі төтенше жағдайларда іс-қимыл жасау ережесі мен тәртібіне үйретуді ұйымдастыру.

Ведомстволық бағынысты объектілердегі төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға салалық авариялық-техникалық және авариялық-құтқару қызметтерінің тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету.

9. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі.

Көліктегі жолаушылар мен жүктердің қауіпсіздігін және терроризмге қарсы іс-қимылды қамтамасыз етуге бақылау жасау.

Темір жол, автомобиль, авиация, өзен және теңіз көлігінде авариялар мен апаттардың алдын алу және жою.

Күрделі, сенімді және қауіпсіз жолдарды, жол өткелдерін, көпірлерді жобалау

мен құрылысын салуды қамтамасыз ету. Төтенше жағдайлар кезінде инфрақұрылым объектілері жұмысының қосарлана атқарылуын қамтамасыз ету.

Төтенше жағдайлар кезінде инфрақұрылым объектілері жұмысының сенімділігін арттыру жөніндегі ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және әлемдік о з ы қ т ә ж і р и б е н і е н г і з у .

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, көліктегі өндіріс өнімдерінің, жұмыстар мен процестердің қауіпсіздігі саласында техникалық және технологиялық нормаларды қамтитын нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу.

Аса қауіпті жұқпалы аурулардың әкелінуі және таралуының алдын алу жөніндегі і с - ш а р а л а р ғ а қ а т ы с у .

Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қажетті күштерді, құралдар мен материалдық-техникалық ресурстарды тасымалдауды қамтамасыз ету, эвакуациялық іс-шараларды жүзеге асыру.

Ведомстволық құралымдар күштерінің төтенше жағдайлар ауданында құтқару жұмыстарын жүргізуге тактикалық-техникалық мүмкіндіктері шегінде қ а т ы с у .

Қалпына келтіру және өрт поездарының іс-қимыл жасауға әзірлігін қ а м т а м а с ы з е т у .

10. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау м и н и с т р л і г і .

Төтенше жағдайларды жою жоспарларына сәйкес Қазақстан Республикасына келетін шетел қызметкерінің жұмыс істеуіне лицензиялау мен рұқсаттар берудің жеделдетілген р ә с і м і н қ а м т а м а с ы з е т у .

11. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі.

Республикадағы экологиялық жағдайға мемлекеттік бақылау жасауды қамтамасыз ету, оны жақсарту жөніндегі шараларды жоспарлау және жүзеге асыру, жобаларға экологиялық сараптау жүргізу және ұйымдарға экологиялық бақылау жасау жолымен техногендік апаттар мен авариялардың алдын алу, экологиялық апаттардың туындау мүмкіндігі туралы хабарлап отыру.

Экологиялық төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарға әдістемелік басшылық жасау. Авариялар мен апаттардан пайда болатын радиоактивті және химиялық ластануға жедел бақылау жасау және өлшеулерді жүзеге асыру.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесінің қадағалайтын және бақылайтын тиісті кіші жүйелерін құру және оларға б а с ш ы л ы қ ж а с а у .

Қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстарды, селдерді, қар көшкінін, қоршаған табиғи ортаның ластануының жоғарғы деңгейін және онымен байланысты төтенше жағдайлардың ауқымын болжау, олардың қауіпі туралы у а қ т ы л ы х а б а р л а у .

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою мемлекеттік жүйесінің басқару органдарына гидрометеорологиялық ақпаратты және қоршаған табиғи ортаның ластануының деңгейі туралы деректерді беру.

Қоршаған табиғи ортаның жай-күйін және қауіпті метеорологиялық құбылыстар туралы ескерту жүйелерін бақылайтын тиісті функционалдық кіші жүйелерді құру және оларға басшылық жасау. Қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстарға ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болжамдар жасаудың тиімді әдістерін әзірлеу жөніндегі ғылыми зерттеулер.

12. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) .

Орталық және жергілікті атқарушы органдарға төтенше жағдайлардың ықтимал алғы-шарттары, сипаты мен себептері туралы, шет елдердегі эпидемиологиялық жағдай туралы, қылмыстық топтар мен жекелеген адамдардың қасақана төтенше жағдайлар туғызу жөніндегі нақты іс-әрекеті туралы ақпараттар беру .

Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдайлар мәселелері бойынша жұмысқа шет мемлекеттердің көмек көрсетуі кезінде мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.

Қажет болған жағдайда арнайы күштер мен құралдардың төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі іс-шараларға қатысуы.

Төтенше жағдайлар туындаған кезде үкіметтік байланысты ұйымдастыру.

Аса қауіпті жұқпалы аурулардың әкелінуі мен таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларға қатысу .

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес мемлекеттік шекара арқылы авариялық-құтқару құралымдарын, ізгілік көмек жүктерін, босқындарды оңайлатылған жолмен өткізуді қамтамасыз ету.

13. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі.

Төтенше жағдайлардың туындау қаупі туралы халыққа жедел хабарлауды қамтамасыз ету. Халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл жасау ережесі мен тәртібіне оқытып-үйретуді ұйымдастыру .

Төтенше жағдайлардан қорғану саласындағы білімді, тұрмыстағы және өндірістегі қауіпсіздік ережелерін насихаттау жөнінде баспасөзде үнемі жарияланымдар, радио және теледидар бойынша хабарлар ұйымдастыру. Дүлей зілзалалардың, техногендік апаттар мен авариялардың алдын алу және оларды жою жөнінде мемлекет қабылдайтын шаралар туралы халықты хабардар ету.

Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың республикалық ақпарат қызметінің төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету .

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі.

Төтенше жағдайлар кезінде ізгілік көмек жүктерін, авариялық-құтқару техникасы мен жабдықтарын кедендік ресімдеудің басым тәртібін қамтамасыз ету.

Аса қауіпті жұқпалы аурулардың әкелінуі мен таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларға қатысу.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында радиациялық бақылау жасау.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 Қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі.

Ұйымдар мен хабарлау және байланыс қызметтері құратын азаматтық қорғаныс құралымдарының төтенше жағдайлар аймақтарында құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге қатысуы.

Басқару органдарын төтенше жағдайларды жою кезінде байланыспен басым тәртіппен қамтамасыз ету.

Төтенше жағдайлардың туындау қаупі туралы мемлекеттік басқару органдарының жұмыс істеп тұрған хабарлау құралдарын техникалық қамтамасыз ету.

Төтенше жағдайлар кезінде байланыс арналарының қосарлана жұмыс атқаруын қамтамасыз ету.

Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың хабарлау және байланыс қызметінің төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету.

16. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау нормаларын әзірлеу.

Мемлекеттік материалдық резервке материалдық құндылықтарды жеткізіп беруге арналған тапсырыстарды орналастыру.

Мемлекеттік материалдық резерв қорларын қалыптастыруды, сақтауды және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен көзделген алушыларға мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын қарызға алу, жаңалау және ауыстыру тәртібімен шығарылуын жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.04. N 1164 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК